Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 2 қарашадағы
№ 1277 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 15 қазандағы
№ 1328 қаулысымен
бекітілген

«ОҚО Отырар ауданы Балтакөл ауыл округі Аққөл
ауылындағы медициналық пунктінің құрылысы»

Мемлекеттік қабылдау комиссиясының
салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы актісі

2013 жылғы «18» қазан **№35** Аққөл ауылы
(объектінің орналаскан жері)

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің
(комиссияны тағайындаған органның атауы)

2013 жылғы «16» тамыздағы №53 шешімімен (бұйрығымен, қаулысымен және т.б.) тағайындалған мемлекеттік қабылдау комиссиясы мына құрамда:

төраға – жергілікті атқарушы органының өкілі:
Б.С. Оспанов – облыс әкімінің бірінші орынбасары;
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

төрағаның орынбасары – мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаментінің өкілі:
Ә.Ә. Әбдіқадыров – Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті басшысының орынбасары;
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

комиссия мүшелері-өкілдер:
тапсырыс беруші
Е.Ә. Дауылбаев – облыстық құрылыс басқармасының басшысы;
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)
Т.Д. Егетаев – облыстық құрылыс басқармасы басшысының орынбасары;
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)
Техникалық қадағалаушы
Н. Оразқұлов – «Тұран құрылыс» ЖШС-нің директоры (келісім бойынша);
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)
пайдаланушы ұйымдар
Б.А. Исабекова – облыстық денсаулық сақтау басқармасының ана мен баланы қорғау бөлімінің басшысы;
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)
бас мердігер
М. Үмбетәлиев – «Сәулет-Құрылыс У.М» ЖШС-нің директоры (келісім бойынша);
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

бас жобалаушы

М.Раматуллаев – «Мир-Строй и Компания» ЖШС-нің директоры (келісім бойынша);

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары

Б.К. Толимбет – Отырар ауданы бойынша санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының басшысы (келісім бойынша);

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

өртке қарсы мемлекеттік қызмет органдары

М.К. Серікбаев - Отырар аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы (келісім бойынша); (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

АНЫҚТАДЫ:

1. Тапсырысшы (мердігермен бірлесіп) ОҚО құрылыс басқармасы және мердігер «Сәулет-Құрылыс У.М» ЖШС

(ұйымның атауы)

Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Балтакөл ауыл округі Аққөл ауылы мекен-жайы бойынша

(облыс, аудан, елді мекен, шағын аудан, орам, көше, үйдің (корпустың) нөмірі)

«Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Балтакөл ауыл округі Аққөл ауылындағы медициналық пункт құрылысы» пайдалануға қабылдауды ұсынды.

(объектінің атауы және құрылыстың түрі (жаңадан салу, кеңейту, қайта жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру)

2. Құрылыс Балтакөл ауыл округі әкімінің 2008 жылғы «31» қазандағы №5

(шешім шығарған органның атауы)

жерге тиісті құқық беру туралы шешімнің (қаулының, өкімнің) негізінде жүргізілген және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге ОҚО бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаментінің

(рұқсат берген органның атауы)

3. Құрылысты құрылыс-монтаж жұмыстары орындаған бас мердігер

(жұмыстың түрлері)

«Сәулет-Құрылыс У.М» ЖШС салған.

(ұйымның атауы)

және орындаған қосалқы мердігер ұйымдар _____

_____ жүзеге асырды.

(ұйымдардың атауы, әрбір ұйым (үштен артық ұйым болған кезде олардың тізбесі актінің қосымшасында көрсетіледі) орындаған жұмыстың түрлері)

4. Құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамасын

«Мир-Строй и Компания» ЖШС

(ұйымның атауы)

орындаған бас жобалаушы жобалау-сметалық құжаттамалар

(құжаттамалардың бөліктерінің немесе бөлімдерінің атауы)

орындаған қосалқы мердігер жобалаушы ұйыммен _____

_____ әзірлеген.

(ұйымның атауы, орындалған құжаттама бөлімдерінің немесе тарауларының атауы (үштен артық ұйым болған кезде олардың тізбесі актінің қосымшасында көрсетіледі)

5. Жобалауға арналған бастапқы деректерді берген

«Инженерные изыскания» ЖШС 2012 жыл №1261 тапсырысы

(ғылыми-зерттеу және іздестіру ұйымдарының атауы, бастапқы деректердің тақырыбы (үштен артық ұйым болған кезде олардың тізбесі актінің қосымшасында көрсетіледі)

6. Құрылыс «Мир-Строй и Компания» ЖШС-нің № жеке жобасы бойынша мемлекеттік лицензиясы №17-ГСЛ №001522 от 25.12.2009ж. жобасы (үлгі,

(жобаның нөмірі, сериянын нөмірі)

жеке, қайта қолданылған) бойынша жүзеге асырылған.

7. Жобалау-сметалық құжаттамасын Облыстық құрылыс басқармасы
(объектіге (кезегі, іске қосу, кешені) арналған құжаттаманы бекітуші (қайта бекітуші) органның атауы)

2012 жылы «5» қыркүйекте №335 бұйрығымен бекіткен.

8. Құрылыс-монтаж жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылған:
жұмыстың басталуы 20.05.2013ж;
жұмыстың аяқталуы 20.08.2013ж.
құрылыстың ұзақтығы, ай:
норма бойынша немесе құрылысты жобалау ұйымы бойынша 3,0 ай,
нақты 3,0 ай.

9. Мемлекеттік қабылдау комиссиясына мынадай құжаттамалар ұсынылды:

(құжаттар тізбесі немесе актіге қосымшаның нөмірі)

10. Пайдалануға беруге ұсынылған объектінің мынадай қуаттылық, өнімділік, өндірістік алаң, ұзақтық, сыйымдылық көлем өткізу мүмкіндігі, кіре мүмкіндігі, жұмыс органдары саны және с.с. негізгі қызмет көрсету түрлеріне сәйкес барлық объекті (тұрғын үйлерді қоспағанда) бойынша өлшем бірліктерімен толтырылады):

Қуаттылық, өнімділік және т.б.	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша		Нақты	
		жалпы (бұрын қабылданған дарды ескере отырып)	оның ішінде іске қосу кешені немесе кезектегі	жалпы (бұрын қабылданған дарды ескере отырып)	оның ішінде іске қосу кешені немесе кезектегі
Дәрігерлік емхананың сиымдылығы	Адам/қабылдайды	20	20	20	20
Жер телімінің жалпы ауданы	шаршы метр	1200	1200	1200	1200
Құрылыс ауданы	шаршы метр	294,9	294,9	294,9	294,9
Ғимараттың жалпы ауданы	шаршы метр	113,27	113,27	113,27	113,27
Ғимараттың пайдалы ауданы оның ішінде тұрғын ауданы	шаршы метр шаршы метр	113,27 0	113,27 0	113,27 0	113,27 0
Ғимараттың құрылыс көлемі	текше метр	935,06	935,06	935,06	935,06

Бастапқы кезеңде жобалық қуатты игеру нормаларына сәйкес жобада көзделген көлемде өнім шығару (қызмет көрсету) _____

_____

(көлемін көрсете отырып, өнімдерді шығарудың нақты басталуы)

11. Объект бойынша технологиялық және сәулет-құрылыстық шешімі мына деректермен сипатталады:

Іргетасы бетон, қабырға күйген кірпіш, шатыры шиферден жүргізілген. Сондай-ақ, ішкі және сыртқы кәріз жүйелері, су құбырлары инженерлік желілер. Технологиялық және медициналық құрал жабдықтармен жабдықталған.

(негізгі материалдар мен конструкциялар, инженерлік және технологиялық жабдықтар бойынша қысқаша техникалық сипаттамалар)

12. Объектіде жобада көзделген, жеке сынағаннан және кешенді байқап көргеннен кейін оны қабылдау туралы актілер (көрсетілген актілердің тізбесі осы актінің ____қосымшасында берілген) сәйкес мөлшерде жабдық орнатылған.

13. Жобада көзделген еңбекті қорғау, жарылыс қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған табиғи ортаны қорғау және сейсмикаға қарсы іс-шаралар _____

_____

(орындалғаны туралы мәліметтер)

Іс-шаралар сипаты актінің ____қосымшасында келтірілген.

14. Суық су және ыстық сумен қамтамасыз ету, кәріз, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтаудың, энергиямен жабдықтаудың және байланыстың сыртқы коммуникациялары ғимараттардың, құрылыстардың, үй-жайлардың қалыпты пайдаланылуын қамтамасыз етеді және қалалық пайдалану ұйымдары қабылданған. Қалалық пайдалану ұйымдары анықтамаларының тізбесі актінің ____қосымшасында келтірілген.

15. Көгалдандыру, ғимараттарға, жаяужолдарға, шаруашылық, ойын және спорт алаңдарына кірме жолдардың бетін жабу жөніндегі жұмыстар, сондай-ақ ғимараттардың қасбетін әрлеу элементтері орындалуы тиіс:

Жұмыстың түрлері	Өлшем бірлігі	Жұмыстың көлемі	Орындалу мерзімі

16. Бекітілген жобалау-смета құжаттама бойынша сметалық құны:
барлығы 34 487 мың теңге, соның ішінде:
құрылыс-монтаж жұмыстары: 22 053 мың теңге,
жабдықтар, құралдар мен құрал-саймандар 4 657 мың теңге.

17. Пайдалануға қабылданатын негізгі қорлардың сметалық құны:
34 487 мың теңге, оның ішінде:
құрылыс-монтаж жұмыстары 22 053 мың теңге,
жабдықтар, құралдар мен құрал-саймандар 4 657 мың теңге.

18. Объектіні тексеру және тиісті құжаттамалармен танысу негізінде:
технологиялық _____

(тұрғын үйлер бойынша толтырылмайды)

сәулет-құрылыс (көлем-жоспарлық және материалдар мен конструкцияларды қолдануды қоса алғанда) шешімнің озықтығына баға берілді.

Мемлекеттік қабылдау комиссиясының шешімі:
Қабылдануға ұсынылған **«Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы Балтакөл ауыл округі Ақкөл ауылындағы медициналық пункт құрылысы»**

(объектінің атауы)

ПАЙДАЛАНУҒА ҚАБЫЛДАНСЫН.
Мемлекеттік қабылдау комиссиясының төрағасы

Б.С. Оспанов
(тегі, аты, әкесінің аты) _____ (қолы, мөр)

Мемлекеттік қабылдау комисеиясы төрағасының орынбасары

Ә.Ә. Әбдікадыров
(тегі, аты, әкесінің аты) _____ (қолы, мөр)

Қабылдау комиссиясының мүшелері:

Е.Ә. Дауылбаев
(тегі, аты, әкесінің аты) _____ (қолы, мөр)

Т.Д. Егетаев
(тегі, аты, әкесінің аты) _____ (қолы, мөр)

Б.А. Исабекова
(тегі, аты, әкесінің аты) _____ (қолы, мөр)

Б.К. Толимбет
(тегі, аты, әкесінің аты) _____ (қолы, мөр)

М.К. Серікбаев
(тегі, аты, әкесінің аты) _____ (қолы, мөр)

Н. Оразқұлов
(тегі, аты, әкесінің аты) _____ (қолы, мөр)

М. Раматуллаев
(тегі, аты, әкесінің аты) _____ (қолы, мөр)

М. Үмбеталиев
(тегі, аты, әкесінің аты) _____ (қолы, мөр)

ОҚО, Отырар ауданы, Балтакөл ауыл округі, Ақкөл ауылындағы медициналық пункттің құрылысы жұмыстарын бір көзден сатып алу тәсілімен бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін шақыру

«Сәулет-Құрылыс-У.М.» ЖШС-н (ОҚО, Отырар ауданы, Шәуілдір а.о., Шәуілдір а., М. Маметовой 2 А)

№	Мемлекеттік сатып алуға қатысу шарттары	Мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін қажетті мәліметтер
1	Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атауы және мекен жайы	Оңтүстік Қазақстан облысының құрылыс басқармасы, Шымкент қ., Байтұрсынов көшесі, 17-үй
	Тапсырыс берушінің атауы	Оңтүстік Қазақстан облысының құрылыс басқармасы
2	Сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтердің ерекшелігі мен талап етілетін сипаттамасы	Жұмыс жоспары мен сараптамаға сәйкес
3	Тауарлардың мөлшері, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі	Сметаға және мемлекеттік сараптамаға сәйкес
4	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету орны	ОҚО, Отырар ауданы, Балтакөл ауыл округі
5	Тауарларды берудің (жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің) талап етілетін мерзім	2013 жыл
6	Төлем шарттары және елеулі шарттары көрсетілген мемлекеттік сатып алу туралы келісімшарттың жобасы	**Төлем** бюджеттік қаражаттардың түсуіне байланысты іс жүзінде нақты орындалған жұмыстар үшін аудару тәсілімен жүргізіледі. Аванстық төлеу ережеге сәйкес.
7	Мемлекеттік сатып алу туралы келісімшарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу шарттары, нысаны, көлемі және тәсілі	Келісім-шартқа сәйкес
8	Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомалар туралы мәлімет (жыл лимиті)	Қаралған қаржы 29 362 610 теңге
9	«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында көрсетілген жалпы және арнайы біліктілік талаптарының тізбесі	құқық қабілеттілігінің болуы, төлем қабілеттілігінің болуы, банкроттық не таратылу рәсімдеріне жатқызылмауы тиіс. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарына ие болу. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін кәсіби біліктілігі мен тәжірибесі жеткілікті мамандарының болуы.
10	Әлеуетті өнім берушінің қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі	ҚР "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңына сәйкес 32-баптың 3-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға рұқсат алған әлеуетті өнім беруші нақ сол ұйымдастырушыға қайтадан құжаттар ұсынбауға құқылы. Ал, Электрондық сатып алуды жүзеге асыру Ережесіне сәйкес қорытынды хаттамадан соң 5 жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге біліктілік талаптарына сәйкестік құжаттарының түпнұсқасы немесе нотариалды расталған көшірмелері және электронды құжаттарға қол коюды растайтын сенімхаттың түпнұсқасы ұсынылуы тиіс
11	Әлеуетті өнім берушінің құжаттарды ұсыну орны	Оңтүстік Қазақстан облысының құрылыс басқармасы, Шымкент қ., Байтұрсынов көшесі, 17-үй

ОҚО құрылыс басқармасы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру бөлімі бастығының міндетін атқарушы **Р. Сейдуалиев**

ОҚО, Отырар ауданы, Балтакөл ауыл округі, Ақкөл ауылындағы медициналық пункттің құрылыс жұмыстарын бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы құрылысы

№ 20 хаттама

Шымкент қаласы «26» 02 2013 жыл

1. **Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы** – Оңтүстік Қазақстан облысының құрылыс басқармасы (Шымкент қ., Байтұрсынов көшесі, 17-үй, веб-сайт www.usuko.gov.kz СТН – 582100255898, ИИК – KZ42070102KSN5801000 БИК – KKMFKZ2A, Депозиттік есепшот KZ580705022713501001, КБе 12 ММ Коды 2713501 Мемлекеттік мекеменің Банкі «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті, Астана қаласы») ОҚО, Отырар ауданы, Балтакөл ауыл округі, Ақкөл ауылындағы медициналық пункттің құрылысы жұмыстарын **бір көзден сатып алу тәсілімен** сатып алуды жүргізді.

2. **Тапсырыс беруші –** Оңтүстік Қазақстан облысының құрылыс басқармасы

3. Сатып алуға бөлінген сома – 29 362 610 теңге.

4. **Осы тәсілді қолдануға негіздеме –** 2013 жылы ОҚО, Отырар ауданы, Балтакөл ауыл округі, Ақкөл ауылындағы медициналық пункттің конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілді (04.02.2013 жылғы №544178). Электрондық конкурсқа қатысуға бір ғана өнім берушінің жіберілуіне байланысты 12.02.2013 жылғы № 544178-2 хаттама негізінде **конкурс өтпеді деп** танылған. ҚР Үкіметінің 27.12.2007 жылғы № 1301 қаулысымен бекітілген "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру" Ережесінің 148-тармағы және тапсырыс берушінің **2013 жылғы «22» ақпандағы № 33 бұйрығына** сәйкес тапсырыс беруші және конкурс ұйымдастырушысымен жұмыстарды **сатып алуды бір көзден алу тәсілімен** өткізу жөніндегі мәселе қаралған. ҚР "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңы **32-баптың 2-тармағы** негізінде бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға рұқсат алған **«Сәулет-Құрылыс-У.М.» ЖШС-н** (ОҚО, Отырар ауданы, Шәуілдір а.о., Шәуілдір а., М. Маметовой 2 А) бір көзден сатып алуға шақырған.

5. Жоғарыдағылардың негізінде өнім беруші **«Сәулет-Құрылыс-У.М.» ЖШС-н** (ОҚО, Отырар ауданы, Шәуілдір а.о., Шәуілдір а., М. Маметовой 2 А) конкурсқа шақырылған әлеуетті өнім беруші және біліктілік талаптарына сәйкес келетін қатысушысы ретінде **бір көзден алу тәсілімен** мемлекеттік сатып алуға жалпы сомасы – 29 362 610 теңге баға ұсынысы қабылданған.

Негізі: конкурс хаттамалары: 12.02.2013 жылғы №544178-2 (конкурсқа қатысуға жіберу туралы) және 19.02.2013 жылғы № 544178-2 (конкурс қорытындысы туралы).

6. Сарапшылар тартылмаған.

7. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы осы **бір көзден алу тәсілімен сатып алу нәтижесі бойынша ШЕШТІ:**

1) жалпы сомасы – 29 362 610 теңгеге орындалатын жұмыстарды өнім беруші **«Сәулет-Құрылыс-У.М.» ЖШС-н** (ОҚО, Отырар ауданы, Шәуілдір а.о., Шәуілдір а., М. Маметовой 2 А) сатып алынсын;

2) Тапсырыс беруші – ОҚО Құрылыс басқармасы өнім **«Сәулет-Құрылыс-У.М.» ЖШС-н** (ОҚО, Отырар ауданы, Шәуілдір а.о., Шәуілдір а., М. Маметовой 2 А) жалпы сомасы – 29 362 610 теңге сомаға мемлекеттік сатып алу туралы келісімшарт жасассын;

3) Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы ОҚО құрылыс басқармасы осы хаттаманың мәтінін Тапсырыс берушінің веб-сайтына жіберсін.

Оңтүстік Қазақстан облысының құрылыс басқармасының бастығы **Е.Дауылбаев**

Оңтүстік Қазақстан облысының құрылыс басқармасы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру бөлімі бастығының міндетін атқарушы **Р. Сейдуалиев**

Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы
№89 КЕЛІСІМШАРТ

Шымкент қаласы 2013 жылғы «4 » наурыз

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын «Оңтүстік Қазақстан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі атынан Ереженің негізінде іс-қимыл жасайтын басқарма бастығы Е.Дауылбаев, бір жағынан және Жарғы негізінде әрекет ететін «Сәулет-Құрылыс У.М.» ЖШС , бұдан әрі аталуы Мердігер атынан М.Умбеталиев екінші жағынан ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 32-бабының 2-тармағы негізінде және 2013 жылғы 26 ақпандағы №20 хаттамаға сәйкес **038 «Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау»** бюджеттік бағдарламасының кіші бағдарламашасы **015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»** ерекшеліктері **431 «Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау» және 168 «Сатып алынатын тауарлар, қызмет көрсетулер мен жұмыстар бойынша ҚҚС сомасын өнім берушілерге аудару»** бойынша мемлекеттік сатып алу туралы осы Келісімшартты (бұдан әрі – Келісімшарт) түзіп, мына төмендегі келісімге келді:

Келісімшарттың мәні мен бағасы

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы - «Оңтүстік Қазақстан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі Тапсырыс беруші үшін **«ОҚО Отырар ауданы Балтакөл ауыл округі Аққөл ауылындағы медициналық пунктінің құрылысы»** нысаны бойынша жұмыстарды мемлекеттік сатып алу жөнінде 2013 жылы конкурс жариялады және 32 420 030 (Отыз екі миллион төрт жүз жиырма мың отыз) теңге мөлшерінде Мердігердің осы жұмыстарды орындауға конкурстық өтінімін қабылдады. «ОҚО құрылыс басқармасының 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы» Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 26 желтоқсандағы №411 қаулысы негізінде, 2013 жылға келісімшарттың жалпы сомасы **32 420 030 (Отыз екі миллион төрт жүз жиырма мың отыз) теңгені** құрайды. «Сәулет-Құрылыс У.М.» ЖШС-гі ҚҚС төлеуші болып табылады, осыған орай, ерекшеліктер бойынша

431 «Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау» 29 362 610 (Жиырма тоғыз миллион үш жүз алпыс екі мың алты жүз он) теңге

168 «Сатып алынатын тауарлар, қызмет көрсетулер мен жұмыстар бойынша ҚҚС сомасын өнім берушілерге аудару» 3 057 420 (Үш миллион елу жеті мың төрт жүз жиырма) теңге.

ОҚО құрылыс басқармасы мемлекеттік мекемесі аталған сомаға тапсырыс қабылдауды «Сәулет-Құрылыс У.М.» ЖШС-не міндеттейді және бұл сомаға құрылыс-монтаждау жұмыстары, қосымша құн салығы, сметада қарастырылған материалдарды, жабдықтарды сатып алу шығындары жатады.

Төлемнің тәртібі мен мерзімі

2. Осы Келісімшарт бойынша Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар көлемі үшін Мердігерге 2013 жылға осы шартта көрсетілген соманы төлеуге міндетті.

Төлем тәсілі – нақтылы емес.

3. Осы Келісімшарт бойынша төлем бюджеттік бағдарламаға, инжинирингтік қызмет көрсетуші - Инженердің қол қоюымен рәсімделген орындалған жұмыс актілері мен анықтамаларына (Ф-№2,3) сәйкес, Тапсырыс берушінің есеп-шотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты жүргізіледі.

4. Орындалған жұмыстардың қабылдау-өткізу актілері әр айдың 20-шы (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

5. Тапсырысшы авансты барабар ұстау кестесіне кейінгі ұстаумен Мердігердің есепшотына келісімшарттың жалпы құнынан 3 пайыз – 972 600,9 (Тоғыз жүз жетпіс екі мың алты жүз теңге 09 тиын) көлеміндегі сомадан аспайтын авансты, оның ішінде 431 ерекшелігінен – 880 878,3 (Сегіз жүз сексен мың сегіз жүз жетпіс сегіз теңге 03 тиын), 168 ерекшелігінен – 91 722,6 (Тоқсан бір мың жеті жүз жиырма екі теңге 06 тиын) қаржыны Тапсырысшының есепшотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты 2013 жылдың 31 наурызына дейін төлейді. Мердігер төленген авансты осы қосымша келісім бойынша жұмыстарды орындау үшін талап етілетін материалдарға, жабдықтар мен еңбекақы төлеуге пайдалануы тиіс. Қосымша келісім бойынша қалған 97 пайыз – 31 447 429,1 (Отыз бір миллион төрт жүз қырық жеті мың төрт жүз жиырма тоғыз теңге бір тиын), оның ішінде 431 ерекшелігінен – 28 481 731,7 (Жиырма сегіз миллион төрт жүз сексен бір мың жеті жүз отыз бір теңге 07 тиын), 168 ерекшелігінен – 2 965 697,4 (Екі миллион тоғыз жүз алпыс бес мың алты жүз тоқсан жеті теңге 04 тиын) көлеміндегі сомадағы төлемді Мердігердің жұмыстарды орындауына және қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджеттік қаражаттардың түсуіне байланысты 2013 жылдың 31 желтоқсанына дейін ай сайын жүргізіледі.

6. Мердігер, авансты алған күннен бастап Тапсырыс берушінің талабымен авансты мақсатты пайдаланғанын растайтын құжаттарды Тапсырыс берушіге өткізеді.

7. Өтпелі нысандар бойынша Мердігерге түпкілікті төлем ақы жобалық-сметалық құжаттама негізінде, инжинирингтік қызмет көрсетуші - инженердің қолы қойылған орындалған жұмыс актілеріне сәйкес жүргізіледі.

8. Пайдалануға тапсырылатын нысандар бойынша Тапсырыс беруші Келісімшарт құнының 5 пайызын ұстап қалады. Мердігерге түпкілікті есеп айырысу жобалық-сметалық құжаттамада қаралған барлық жұмыс түрлері орындалып, салынған нысанды пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының қолы қойылған актісі ұсынылғаннан кейін жүргізіледі.

9. Төменде аталған құжаттар Келісімшартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады:

1) жобалық-сметалық құжаттама;
2) Келісімшарттың орындалуын қамтамасыз ету кепілі;
3) жұмыстардың өндірістік кестесі;
4) авансты өтеу кестесі;
5) қаржыландыру жоспары.

Міндеттемелерді орындау мерзімдері

10. **Мердігер Келісімшартты түзген күннен 10 жұмыс күн ішінде Тапсырыс берушіге конкурстық құжаттамада көрсетілген шарттағыдай Келісімшарттың жалпы құнынан 3 пайыз көлемінде Келісімшарт орындалуын қамтамасыз ету кепілін тапсыруға міндетті. Мердігермен Келісімшарт орындалуының кепілі 10 жұмыс күнінен кешіктірілген немесе тапсырылмаған жағдайда, Мердігермен конкурсқа қатысуға енгізілген 1% көлеміндегі қамтамасыз ету сомасы облыстық бюджетке аударылады.**

Шартты орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін мемлекеттік сатып алу туралы шартта авансты төлеу көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы белгілейді.

Егер мемлекеттік сатып алу туралы шартта аванс төлеу көзделген жағдайда, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді авансқа тең мөлшерде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы белгілейді, ол мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының үш пайызынан кем болмауы тиіс.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді мемлекеттік сатып алу туралы онымен жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісінше орындауға кепілдік ретінде енгізеді.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдауға құқылы:

1) тапсырыс берушінің банктік шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер үшін Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;

2) банктік кепілдік.

11. Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін Мердігер **10 күн ішінде** Тапсырыс берушіге Объектінің құрылысын жүргізу бойынша конкурстық өтінімге сәйкес жұмыстардың орындалу тәртібі мен мерзімі көрсетілген өндіріс кестесін бекітуге ұсынады.

12. Мердігер осы Келісімшарт бойынша жұмыстардың барлық түрлерін өндіріс кестесіне сәйкес, сондай-ақ, жұмыс комиссиясының оң қорытындысы туралы актісі мен нысанды пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссияларының толық қолы қойылған актісін ұсыну мерзімін қоса алғанда, 2013 жылдың 31 тамызына дейін аяқтауға міндеттеме алады.

Тараптардың құқығы мен міндеттері

13. Тапсырысшы Мердігерге құрылыс алаңын беруге міндетті.

14. Тапсырысшы құрылыстың кез келген кезеңінде жұмыстың сапасына сынақ жүргізуге құқылы. Ақаулар анықталған жағдайда, ақауларды қалпына келтіру мерзімін көрсетумен Мердігерді жазбаша түрде хабардар етеді, ал Мердігер өз есебінен оларды белгіленген мерзім ішінде жоюға міндетті.

15. Тапсырысшы Мердігердің жұмыстарынан табылған қандай да бір залал немесе қандай да бір келтірілген зақымға жауапкершілік алмайды және Мердігер қандай да бір зақымды, залалды және т.б. кемшіліктерді түзетуді қосымша өтеу ақысыз жүзеге асырады.

16. Мердігер қоршаған ортаға эмиссиялар үшін экологиялық рұқсат құжаттарын алуға міндетті.

17. Мердігер құрылысты және оған байланысты жұмыстарды жұмыстың көлемі мен мазмұнын және жұмысқа қойылатын басқа да талаптарды айқындайтын жобалау құжаттамасы мен жұмыстың бағасын айқындайтын сметаға сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

18. Бөлшектер мен конструкцияларды қоса алғанда, құрылысты материалдармен, сондай-ақ жабдықтармен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді мердігер мойнына алады.

19. Мердігер орындау кезінде Тапсырысшының мүлкіне келтірілген залалға немесе шығындарға және жұмысшылардың денсаулығы мен меншігіне келтірілген қауіпке, жұмысшылардың өліміне, сондай-ақ нысандағы жұмыстар өндірісінің техникалық қауіпсіздігіне толық жауапкершілікте болады.

20. Мердігер білімін және барлық мүмкіншілігін пайдаланып, жұмысты бақылауға алып, бағыттап тыруы тиіс. Мердігер Келісімшарт бойынша қаржыларға, әдістеріне, техникасына, жұмыстардың орындалу дәйектілігі мен сапасына, сондай-ақ барлық жұмыстарды үйлестіруге және бақылау жасауға жауапты.

21. Мердігер орындалған жұмыстарды және жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды: жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Осыған орай, шеккен барлық шығындар Мердігерге Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

22. Мердігер Тапсырысшыға шарт бойынша жеткізілген материалдар мен жабдықтардың сапалы және техникалық ерекшеліктерге және жобалау-сметалық құжаттамаларға сәйкес болуына және кемшіліксіз, жұмыстар сапасының ЖСҚ талаптарына сай орындалуына кепілдік береді. Бұл талаптарға сәйкес келмейтін, сонымен бірге негізсіз, заңсыз өзгерістер болса, аталған жұмыс ақау деп танылады. Тапсырысшының талабы бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтардың сапасын лабораториямен куәландыратын құжаттарды ұсынуы тиіс.

23. Мердігер нысанға жеткізілуі тиіс барлық әкелінген материалдар мен жабдықтардың тасымалдауын, жеткізіп берілуін, түсірілуін (жүк) және сақталуын ұйымдастыруға жауапты. Тапсырысшы жеткізіп беру, өңдеу, сақтау және тасымалдау қаражаттарының, құралдарының тұрып қалуын төлеуге қатысты шығындарға қандай да бір жағдайда өзіне жауапкершілік алмайды, ешқандай жеткізіп беру Тапсырысшыға жолданбауы тиіс.

24. Мердігер учаске аумағындағы барлық қоқысты тазартып, жедел түрде тәртіпке келтіріп, таза ұстауы тиіс.

25. Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің (мердігерлік бағасының) 2/3 бөлігінен аспайтын шарт жасаса алады, және Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз шартты үшінші тұлғаға бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы Келісімшарт талаптарын өзгертпейді.

Мердігер Келісімшартта қаралған жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлік ұйымдарды тартқан жағдайда, Мердігер қосалқы мердігерлік ұйыммен тиісті келісімшартты түзгенге дейін мердігерлік ұйымды тартуға Тапсырыс берушіден рұқсат алуы тиіс. Мердігер мұндай рұқсатты алу үшін Тапсырыс берушіге қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігерлік ұйымның лицензиясының нотариалды растаған көшірмесін қосымша тіркеп, қосалқы мердігерге беру жоспарланған жұмыстарды тізімі мен көлемдерін көрсете отырып, ресми сұрауларды жолдайды. Тапсырыс беруші қосалқы мердігерден жұмыстарды қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігердің біліктілік талаптарға сәйкестігін растау мақсатында қосалқы мердігерлік ұйымның өзге де құжаттарын сұратуға құқылы.

26. Нысанда Қосалқы мердігерлер болған жағдайда, Мердігер өзінің жұмыстарын олармен үйлестіріп орындауы тиіс.

27. Мердігер Келісімшарт негізінде Тапсырысшының алдында өзінің жұмысшыларының, қосалқы мердігерлерінің, қосалқы мердігерлер жұмысшылары мен сенімді адамдарының, сондай-ақ Келісімшарт аясында жұмыс бөлігін атқарып жүрген басқа да адамдардың әрекеттері мен жіберген қателіктеріне жауапкершілік алады.

28. Мердігер негізгі қызметтерге біліктілігі туралы мәліметтерде көрсетілген қызметкерлерді жалдауы тиіс. Бұл адамдар өзге адамдарға ауыстырылған жағдайда Тапсырыс берушінің келісімін алуы тиіс. Жаңа қызметкерлердің біліктілігі біліктілік туралы мәліметтерде санамаланған қызметкерлердің біліктілігіне тең немесе одан жоғары болуы тиіс.

29. Егер Тапсырыс беруші Мердігерден мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды, себептерін көрсете отырып, Объектідегі жұмыстарды орындаудан аластатуды сұрайтын болса, Мердігер мұндай адамды 72 сағат ішінде құрылыс объектісінен кетіруге міндетті, одан кейін бұл адамның осы Келісімшарт бойынша жұмыстарды орындаумен ешқандай байланысқа түспеуі қажет.

30. Мердігер жұмыстарды Келісімшарт бойынша белгіленген мерзімде бекітілген жұмыстардың өндірістік кестесіне сәйкес орындауға міндетті. Мердігер құрылыс нысанында жұмыстардың өндірістік кестесінде бекітілген кәсіби жұмысшылар мен көлік механизмдерінің болуын қамтамасыз етуге тиіс.

31. Мердігер жұмыстарды Келісімшарт бойынша белгіленген мерзімде бекітілген жұмыстардың өндірістік кестесіне сәйкес орындауға міндетті. Мердігер құрылыс нысанында жұмыстардың өндірістік кестесінде бекітілген кәсіби жұмысшылар мен көлік механизмдерінің болуын қамтамасыз етуге тиіс.

Жұмыстардың аяқталу күні Мердігердің өндіріс кестесіне сәйкес, барлық жұмыс түрлерін аяқтап, апсырыс берушіге барлық комиссия мүшелері қол қойған нысанды пайдалануға қабылданған актісінің (мемлекеттік қабылдау актісі) ұсынылған күні болып есептеледі.

Нысанның (объектінің) пайдалануға берілгендігі туралы актіге қол қойылған күн мемлекеттік қабылдау комиссиясы немесе қабылдау комиссиясы қабылдаған объектінің пайдалануға берілген күні деп есептеледі.

Нысанды пайдалануға қабылданған актісінің (мемлекеттік қабылдау актісі) ұсынылуы, осы Келісімшарттың 12-тармағында көрсетілген мерзімнен кешіктірілмеуге тиіс. Осы мерзімнен кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Келісімшарт орындалуын қамтамасыз ету кепілін жергілікті бюджетке аударуға міндетті.

32. Мердігер пайдалануға тапсырылатын нысандар бойынша барлық шығындарды (құрылыс жабдықтарының, құрылыс-монтаждау жұмыстарының, технологиялық және/немесе медициналық құрал-жабдықтарды) пайдалануға қабылдайтын мекеменің құзырына өткізу-қабылдау актісі негізінде тапсыруыға міндетті.

33. Мердігер Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы қызметкерлерінің салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендерге кедергісіз кіруін және оларда жүргізіліп жатқан құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасына жедел инспекциялық тексеруді жүргізуін қамтамасыз етуге міндетті.

34. Мердігер Келісімшартта көрсетілген жұмыстардың барлығы аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге жұмыстардың аяқталғаны жөнінде жазбаша хабарлама береді. Тапсырыс беруші инжинирингілік қызмет көрсетуші-инжинерді қатыстыра отырып, бес күннен кем емес мерзімде аяқталған жұмыстарды бағалау жөнінде комиссия (жұмыс комиссиясын) тағайындайды.

35. Жұмыс комиссиясы ескертпе ретінде анықталған ақаулар мен орындалмаған жұмыстардың тізімін құрайды және оларды жою мерзімін белгілейді. Ескертпелер жойылған күні жұмыс комиссиясының оң қорытындысы берілген күні болып табылады. Барлық шикіліктерді жою фактісі нысандарды пайдалануға берудің түпкілікті қабылдау Актісімен анықталады (Мемлекеттік қабылдау комиссия актісімен).

36. Нысанның қалыпты жұмысының және оған кіретін жабдықтардың жобалық-сметалық құжаттама, инженерлік жүйесі, материалдары мен жұмыстарының кепілдік мерзімі нысан пайдалануға қабылданған күнінен бастап 60 ай ұзақтығымен белгіленеді (егер Мердігер конкурстық өтінімде бұдан ұзақ өзге мерзім көрсетпесе), қасақана оған басқа үшінші жақтан зиянкестік келтірілгенін қоспағанда.

37. Мердігер нысан пайдалануға қабылданған күннен бастап пайдалануға қабылдайтын ұйыммен Кепілді мерзімі туралы келісім жасасуға міндетті.

38. Кепілді мерзімі кезеңінде нысанның қалыпты жұмысына мүмкіндік бермейтін кемшіліктер мен ақаулар анықталса, онда Мердігер анықталған кемшіліктерді жоюды өз есебінен жүзеге асыруға міндеттенеді. Мұндай кемшіліктерді Мердігер Пайдалануға қабылдайтын ұйыммен арада түзілген Кепілдік туралы келісімде көрсетілген мерзімде жояды.

39. Егер Мердігер Келісімшарт талаптарын бұзып, түзету арқылы өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ Мердігер жобалау-сметалық құжаттарына сәйкес жұмыстарды аяқтауға қабілетсіз болса, Тапсырысшы орындалмаған міндеттемелердің себептерін жоюға дейін жұмыстарды толық немесе бөлігін тоқтату жөнінде жазбаша алдын-ала өкім бере алады.

40. Мердігер жергілікті қамтуды, яғни еңбек ақы төлеуді, сондай-ақ, материалдар мен жабдықтарды отандық өндірушілерден сатып алуды конкурстық өтінімге сәйкес қамтамасыз етуге міндеттенеді.

41. Егер форс-мажорлық жағдайлар орын алса немесе Тапсырыс беруші ұсынған ауытқулар бойынша атқарылатын жұмыстар қосымша мерзімдерді талап етсе, сондай-ақ егер жұмыстарды орындау барысында қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын ақаулар анықталған жағдайларда, ол жұмыстарды орындау мерзімін ұзартады. Бұл ретте, Мердігер қолданыстағы заңнамалардың талабына сәйкес, Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуі тиіс.

Айып санкцияларын қолдану шарттары

42. Егер Мердігер Келісімшартта көрсетілген жұмыстарды өндіріс кестесіндегі мерзімнен кешіктірсе, әрбір кешіктірген күніне орындалмаған жұмыстар көлемінің сомасынан 1 пайыз тұрақсыздық (неустойка) түріндегі соманы Тапсырыс берушіге төлейді.

43. Жұмыстар сапасының бұзылғаны үшін жобалық-сметалық құжаттамадан ауытқуын, Қазақстан Республикасында әрекет ететін техникалық нормалар мен ережелерді қоса алғанда, бірақ онымен шектеліп қоймай, жұмыста техникалық нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін материалдар мен жабықтарды қолданғанда, қолданыста пайдалануда болған материалдар мен жабдықтарды пайдаланғанда – Мердігер сапасыз орындалған жұмыстардың құнынан мерзімі өткен әрбір күніне 0,2 пайыз сомасында Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын төлейді.

44. Осы тармақта көрсетілген тұрақсыздық Мердігердің сапасыз орындалған жұмыстарды жойғанға дейін (қалпына келтіргенше) есептеледі. Жою фактісі Мердігердің, Тапсырыс берушінің және

жеңердің қолы қойылған, сапасыз орындалған жұмыстардың жойылғанын куәландыратын актімен расталуы тиіс.

45. Келісімшарттың кепілді мерзімі ішінде нысанның кемшіліктері мен ақауларын жою бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін Мердігер Тапсырыс берушіге Келісімшарт құнынан 5 пайыз көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

Бұдан басқа, жаңа құрылыстың пайдалануға тапсырылған күннен бастап бір жылдың ішінде анықталған ақаулар үшін Келісімшарт құнынан - 0,5 пайызын, екінші жылы – 0,3 пайыз, үшінші жылы – 0,2 пайыз, төртінші жылы – 0,2 пайыз, бесінші жылы - 0,1 пайыз айыппұл ретінде мемлекет пайдасына төлеуге міндетті.

46. Келісімшартта қаралған тұрақсыздық пен айып санкциялары Мердігер Тапсырыс берушіден тұрақсыздық пен айып санкцияларын төлеу туралы талаптарын алған күннен 5 (бес) жұмыс күні ішінде төленуге жатады. Мердігер осы жүргізілген төлемдерді растайтын төлем құжаттарын осы тармақта белгіленген мерзімде Тапсырыс берушіге ұсынуы тиіс.

47. Мердігер Келісімшартты орындаудан бас тартса немесе Мердігердің кінәсінен Келісімшарт бұзылса, Мердігер Тапсырыс берушіге шарттың құнынан 10 пайыз көлемде тұрақсыздық (айып) төлейді.

48. Мердігер жұмыстарды толығымен орындамаған немесе ішінара орындаған жағдайда Тапсырыс берушіге төленген аванстық төлем сомасын (егер ол төленген болса), аванстың жалпы сомасы мен атқарылған жұмыстардың құнының арасындағы айырмасы бөлігін Тапсырыс берушінің талап етілген күнінен 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде қайтаруы тиіс. Егер өнім беруші 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Келісімшарт бойынша аванстық төлемнің төленген сомаларын қайтармаған жағдайда, осы тармақ бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванс сомасынан 0,1% өсім есептелетін болады. Аванс соманы қайтару міндеттемесі осы Келісімшарттың әрекет ету мерзіміне тәуелді емес.

Игерілмейтін күштің әрекеттері

49. Тараптар осы Келісімшарт бойынша өздерінің міндеттемелерін толық, жарым-жарты орындау жауапкершілігінен босатылады, егер де игерілмейтін күштің салдарынан жұмысты орындауға мүмкіншілігі болмаса, яғни аталған жағдайды қалпына келтіре алмайтын төтенше жағдайлар: апатты құбылыстар, өрт, әскери қимылдар, Келісімшарттың міндеттемелерін орындауға кедергі жасайтын нормативтік актілерді қабылдау, заңдылықтардағы өзгерістер орын алғанда.

50. Форс-мажорлы жағдайлар орын алғанда, осындай жағдай болған Жақ басқа Тарапты аталған жағдайдың орын алуы жөнінде 5 (бес) **жұмыс** күннен кеш емес уақытта құзіретті органмен расталған хатпен жазбаша түрде хабардар етеді.

Келісімшартты өзгерту мен толықтыру тәртібі

51. Келісімшарт енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтырулар, егер де олар жазбаша түрде рәсімделіп және екі жақтың қолы қойылған болса, заңды күші бар.

52. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда келісімшартта көрсетілген мерзімге дейін Келісімшартты біржақты бұзуға құқылы:

1) Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын органдарға құрылыс-монтаждау жұмыстары басталатыны жөнінде хабарлама Тапсырысшымен берілгеннен мерзімі (10жұмыс күн) өткеннен кейін 10 күн ішінде Мердігер жұмысқа кіріспесе;

2) Мердігердің кінәсінен бекітілген жұмыстардың өндірістік кестесінен қалу фактісі 1 реттен аса бұзылса;

3) Мердігердің кінәсінен 1 реттен аса жобада қаралған жұмыстардың сапасы төмендесе;

4) Мердігер Тапсырыс берушінің рұқсатынсыз 10 күннен аса мерзімге жұмысты тоқтатса;

5) Мердігер ақаулар туралы хабарламаны алып, ақауды Тапсырыс беруші немесе Инженер белгілеген уақыт ішінде жоймаса;

6). Мердігер оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

7) Мердігер жобалау құжаттамасында және Келісімшартта көрсетілген жұмыстарды жүргізу ережелері мен нұсқаулықтарын ескермейтін болса;

8) Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің 2/3 бөлігінен асатын шарт жасасқан жағдайда;

9) Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымды Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз жұмыстарды орындауға жіберсе;

10) Тапсырыс беруші құрылыстың кейінгі қаржыландыру мүмкіншілігін тоқтатса;

11) Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге лицензия әрекетінің қайтарылуы, тоқтатылуы немесе лицензияның категориясы құрылыс нысанның күрделігіне (категориясына) сәйкес келмеу жағдайында, сонымен қатар сот шешімі негізінде мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы реестіріне енгізілсе;

12) Мердігер осы Келісімшарт бойынша көрсетілген өзге да міндеттемелерді орындамаса.

53. Келісімшартты бұзатын тарап, басқа тарапқа бұл жөнінде 10 күн алдын ала жазбаша хабарлайды ескертеді).

Хабарламада (ескертуде) Келісімшарттың бұзу себебі, жойылған жұмыстардың көлемі және Келісімшарт қай күннен бастап бұзылған деп есептелетіні жөнінде айтылады.

54. Келісімшарт бұзылса, Мердігер жұмысты дереу тоқтатып, белгіленген тәртіппен (қабылдау-өткізу актісімен) оны Тапсырыс берушіге тапсыруды қамтамасыз етеді.

55. Егер Келісімшарт осы Келісімшарттың 52-тармағы негізінде бұзылса, Тапсырыс беруші айыппұл санкцияларын, тұрақсыздықтарды шегере отырып, Мердігерге іс жүзінде орындалған жұмыстар үшін қалған соманы төлейді. Егер Келісімшартты бұзумен байланысты айыппұл санкциялары, тұрақсыздықтар Мердігерге тиесілі жалпы сомадан асып түссе, айырмасы Тапсырыс берушіге 5 (бес) жұмыс күн ішінде төлеуге жататын борышты құрайды.

56. Келісімшартты бұзуға байланысты қаржылық есеп шешілгенге дейін нысандағы барлық материалдар мен жабдықтар, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және оның иелігінде болады.

57. Алдыңғы жылға нысанның құрылысына бюджеттен қаржыландыру тоқтатылса (бюджетте тиісті қаражаттың болмау салдарынан), Келісімшарт сол жылға түзілмейді және Мердігер осы негіздер бойынша дау келтірмейді.

58. Осы Келісімшартта тікелей қаралмаған міндеттемелер мен құқықтар Қазақстан Республикасының заңнамаларымен реттеледі.

59. Мердігермен осы Келісімшартта көзделген міндеттемелер орындамаған не тиісті дәрежеде орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз болады.

60. Нысандардың құрылыс мәселелеріне қатысты Тапсырыс беруші мен Мердігердің ресми келіссөздері тек жазбаша түрде ғана күші бар.

61. Осы Келісімшарттың қаржыландыру жағынан іс-әрекет мерзімі 2013 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

62. Осы Келісімшарт әр тарапқа бірдей заңды күші бар 2 данада құралған, яғни әр тарапқа біреуден құрылған.

63. Осы Келісімшарт Тапсырыс беруші оны аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін және Мердігердің Шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

64. Келісімшарт бойынша туындаған барлық даулар өзара шешілмеген жағдайда Оңтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады.

65. Тараптардың мекен жайы мен реквизиттері:

Тапсырыс беруші

«ОҚО құрылыс басқармасы» ММ
Шымкент қаласы, Байтұрсынов к-сі 17
Мекеме коды 2713501
ҚР ҚМ ҚК ОҚО қазынашылық департаменті
BIC KKMFKZ2A
IBAN KZ42070102KSN5801000
БИН 060240004644
Код 12
Бастық

Е.Дауылбаев

м.о.

Мердігер

«Сәулет-Құрылыс У.М.» ЖШС
Отырар ауданы Шәуілдір а-ы Мәметов к-сі №2А үй
«Нұрбанк» АҚ-ның
Шымкент қ-ғы филиалы
BIC NURSKZKX
IBAN KZ9584906KZ006087388
БИН 040840003119
КБЕ 17
Директор

М.Умбеталиев

м.о.